

**Қорқоршылық кеңестің отырысының
№ 6 Хаттамасы**

«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

«12» 11 2024 жыл

Қатысқаны: 11 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов

Кеңес хатшысы – А.Г. Бисенғалиева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. – КММ «Костанайэлектросервис» директоры
2. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры
3. Соколова Т.Ж. – ЖШС «Олви» директоры
4. Ерденов А.У. – «Ерденов А.У.» ЖК басшысы
5. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы
6. Кариева Ж.О. – 2 курс білім алушысының ата-анасы
7. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
8. Усенова Ж. – 1 курс білім алушысының ата-анасы
9. Жуманов М.К. – Арқалық қаласы әкімінің орынбасары

Қатысқағаны:

1. Омарова А.А. – «Омарова» ЖК басшысы
2. Тулекбаев С.К. – Арқалық қ. № 4 сайлау округінің депутаты

Күн тәртібі:

1. Колледждің 2024 жылғы Қамқоршылық кеңесінің жұмысын қорытындылау және 2025 жылға жұмыс жоспарының жобасымен таныстыру
2. 2025 жылға колледждің білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттары
3. Әртүрлі

Тындалды:

Бірінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы А.К.Мукановтың 2024 жылғы Қамқоршылық кеңестің қызметі туралы есебін тыңдау. Өз сөзінде ол дуальды оқыту жүйесін дамыту, әлеуметтік серіктестердің кәсіпорындарында студенттердің өндірістік практикадан өтуін ұйымдастыру, жаңа үшжақты келісімшарттарға қол қою, колледж түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша атқарылған негізгі жұмыстар туралы баяндады. Қамқоршылық кеңес мүшелері 2025 жылға арналған Қамқоршылық кеңестің перспективалық жұмыс жоспарын талқылады.


Екінші сұрақ бойынша Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары А.Г.Бисенғалиеваның баяндамасы. Ол Қамқоршылық кеңес мүшелерін колледждің 2025 жылға арналған даму басымдықтарымен таныстырды. Колледжде орта буын негізінде жаңа мамандықтар ашу жоспарлануда: «Есептеу техникасы және ақпараттық жүйелер» (түрлері бойынша), «Зоотехния». Материалдық-техникалық базаны әлеуметтік серіктес «Алюминстрой» ЖШС-нің қолдауымен нығайту жоспарланған. А.Г.Бисенғалиева Қамқоршылық кеңес мүшелерінен кәсіптік бағдар беру жұмысына белсенді қатысуын және Қазақстанның оңтүстік облыстарынан талапкерлерді тарту мәселесіне ерекше көңіл бөлуді сұрады.

«Өртүрлі» мәселесі бойынша Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелеріне колледждің әлеуметтік және материалдық мәселелерін шешуде көрсеткен көмектері мен ынтымақтастығы үшін алғысын білдірді.

Шешімі:

1. Колледждің 2024 жылғы Қамқоршылық кеңесінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын және жұмыс жоспарының жобасы бекітуге берілсін.
2. 2025 жылға колледждің білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттары бойынша жұмыстар атқарылсын.

Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы



А.К. Муканов

Қамқоршылық кеңесінің
Хатшысы



А.Г.Бисенғалиева